



# ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Тарихи жад, өткенді бағалау





### Дәрістің жоспары:

1. Тарихи жады және тарихи факт
2. Тарихи сана мен тарихи ғылым.
3. Тарих ғылым бірегей және бірлі-жарым құбылыстар ретінде

### Дәрістің маңызды идеялары:

Тарихи жады мен тарихи факт - өткенді есте сақтау тәсілі ретінде.

Тарихи сана мен тарихи ғылым - ұрпақтардың ажырамайтын байланысын көрсететін, өткен мен қазіргі уақыт арасындағы айырмашылықтарды дұрыс тану тәсілі ретінде.

Тарих ғылымы зерттеу пәні бойынша әлеуметтік ғылымдар қатарына жатады, онда ерекше орын алады. Ең басты ерекшелігі – тарих адам туралы ғылым.

Тарих - барлық әлеуметтік ғылымдардың ең әмбебабы.

### Дәрістің маңызды цитаталары:

«Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы». Мигель де Сервантес.

«Тарих дегеніміз – бір халықтың тек қана еркіндікке қарай ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халықтың тәрбиесінің де тарихы». Жозеф Реннан.

### Тарихи жады және тарихи факт



Тарихи жады – бұл механикалық есте сақтау емес. Адами қоғамның жадында тек маңызды және сенімді деп санайтын ақпарат ғана сақталады. Бірақ әр түрлі қоғамдардағы сенімділік критерийлері әрқашанда әртүрлі болды.

Қоғамның өткен туралы маңызды білім деп есептейтіндігі әлеуметтік топтардың міндеттері мен мүдделеріне қарай тәуелді болды.

Ортағасырлық шежіреші (тарихшы) үшін соғыстар мен қарулы шабуылдар, зайырлы және рухани мәртебедегі билеушілер мен мықты адамдардың әрекеттері туралы әңгімелер маңызды болды.

Сонымен қатар, олар тек қана ірі табиғи құбылыстар туралы ғана емес (жер сілкінісі, қуаңшылық және т.б.), сондай ақ қазіргі заманғы ғалымдардың тұрғысынан мәңгілік деп есептейтін тарихи құбылыстарды да жазып отырды.

XIX ғасырдың Еуропалық тарихшылары өз еңбектерінде саяси тұрғыдағы әрекеттер туралы да жазып отырды. Соғыстар, көтерілістер, саяси түбегейлі өзгерістер, мемлекет қайраткерлерінің өзара қарым қатынастарын жазу— олардың ойынша, тарихтың басты тақырыбы болған. Сондықтан, олармен құрылған мұндай тарих түрі тек олардың әрекеттері туралы әңгіме ғана. Оларды шаруашылық өмір, әдеттегі ахуал, қарапайым адамдардың қарым қатынастары алаңдатпады.

Қазіргі уақытта ең танымал бағыттардың бірі - күнделікті өмір тарихы. Қазіргі тарихшылар жеке өмірді, туыскандар, достар арасындағы қарым-қатынасты, еңбек пен өмір сүрудің күнделікті жағдайларын, бейбітшілік пен адамдардың эмоционалдық өмірін зерттейді. Күнделікті өмір туралы зерттеу заманауи ғалымдар ашқан жаңалық емес. Дамыған жазбаша дәстүрге ие көптеген қоғамдарда мұндай тәжірибе болды. Өйткені адамдарға өз ата-бабалары туралы естеліктерді сақтау маңызды болды. Мұндай зерттеулердің басым бөлігі ресми шежіре мен тарихи шығармаларда жарық көрмеді.

Тарих өткенді есте сақтау тәсілі ретінде және оның танымы бастапқы кезде тек әртүрлі «оқиғалардың» бірліктігі түрінде өмір сүрген. Олардың әрқайсысының өлшемі қауымдастықтың мүддесімен, тарих ұғымының өзіне деген көзқарасымен анықталды.

Тарихи жадтың құрамына өткен оқиғалардың шынайылығы мен деректілігі туралы түсінік жүйесі айтарлықтай әсер етеді.

Көптеген халықтар мен әулеттердің тарихы құдайлар мен батырлар туралы, керемет құбылыстар туралы әңгімелермен ашылды.



Бұл керемет оқиғаларға адамдарды сенуге не мәжбүр етті? Олар жеткіліксіз оқымаған немесе интеллектуалды дамымаған ба? Неге ең дамыған мемлекеттерде ұлттық аңыздарға деген сенім өміршең?

Мүмкін, бұл сұрақтың жауабы шынайылықты түсіну мен өткен оқиғалардың мәнін түсінуде шығар. Қазіргі таңдағы тарихшылар үшін, дұрыс мағына ол нақтылық пен шындықтың критеріі болып табылады. Фактілер мүмкін және керемет фактілер болып бөлінулері мүмкін. Ежелгі және орта ғасырлардағы адамдар да осындай талпыныстан құр қалмаған. Сол сияқты біз де олар сияқты шынайы, дұрыс фактілердің тапқымыз келеді. Дегенмен, дәл осы шекара шындықты өтіріктен, жалған мен растан ажырата отырып, әртүрлі қоғаммен әртүрліше анықталады.

Көптеген дәуірлер үшін соғыс, аштық пен ғибадатханлардың салынуы қандай шынайы болып көрінсе тура солай ғажайып оқиғалар да шынайы деп саналды. Адамдар ғажайыпты растайтын дәлелдер іздеді. Ата-бабаларымыздың аңыздары мен әңгімелері ерекше тарихтың шынайылығын растауға жеткілікті дәлел болды. Осылайша, тарихи жадт пен тарихи сананың айрықша түрі аңыздар мен мифтер дүниеге келді.

Орта ғасырларда өткен туралы естеліктерді «түзеуге» рұқсат етілген. Ортағасырлық монах монастырьлық хрониканы жасай отырып, оның замандастары енгізбеген тарихи оқиғалар туралы мәліметтерді енгізе алды. Оны тарихты бұрмалаушы десек бола ма? Әлде онымен ақиқат пен әділдік сезімі қозғады ма? Мүмкін, ойдан шығарған хатты жаза отырып, ол тарихи шындықты қалпына келтіріп отырмын деп ойлаған шығар.

Осылайша, тарихи жадының мазмұны және оған негізделген тарихи сана тарихи оқиғаның нақтылығы, шынайылығы, шыншылдығы туралы әртүрлі қоғамдар мен әлеуметтік топтардың ұғымдарымен анықталады.

Бұл көріністер уақыт өте келе өзгеріп отырды. Олар жеке халықтар мен өркениеттердің дүниетанымы мен зияткерлік дәстүрлерінде бекітілді.

Әртүрлі қоғамдар мен олардың құрамындағы әлеуметтік топтар өткенді ұғынудың әртүрлі дәрежесін қалыптастырады.

Бұл кітаптың авторлары қазіргі тарихи ғылымды өткенді даму процессі ретінде қарастырып, сол мәнде грек-рим және иудео-христиан дәстүрімен сабақтастығы бар деген пікір айтады. Өткенді зерттеу, бұл мәдениеттегі өз тарихы туралы есте сақтау, өзекті мәселелерді шешудің тәсілі ретінде қабылданды. Олар үшін, тарих – бұл өмірдің ұстазы және өткенді танудың құралы болып есептелінді.

## **Тарихи сана мен тарихи ғылым.**

Тарихи сана деп біз тарихи естеліктерді айтамыз. Әр халықта тарихи сананың өзіндік ерекшеліктері бар. Неге дейсіз бе? Себебі әрбір халықта өткен уақытқа эмоцияналды және рационалды қарым-қатынасы және тарихи оқиғалар мен құбылыстарға деген шынайылығын қабылдауы әртүрлі болады. Тарихи мағлұматтардың объективтілігі мен нақтылығы дегеніміз не?

Тарихи мағлұматтардың объективтілігі мен нақтылығы.

Тарихи сананың құрамы көбінесе субъективтік және эмоциялдық аспектілерге байланысты болып келеді. Осының мәнін терең ұғыну үшін әлеуметтік сана мен тарихи ғылыми сана деген түсініктерді қарастыру қажет.

Әлеуметтік сана өткенді эмоциональды түрде қабылдайды. Ол өткеннен нақтылық пен ойлап табылған оқиғалардың шекараларын оңай жойып, өзіндік үміттердің ақтауларын күтеді. Әлеуметтік сана үшін, немесе критикалық емес тарихи санаға үш ерекшеліктер тән: 1. Өткенді жаңарту. 2. Өткен уақыт тек әлеуметтік өмірдегі қазіргі заманғы оқиғалардың пайда болуы көзқарасына ғана өкілдік етеді. 3) Өткеннің толық бейнесін қалпына келтіру үшін қиялдардың еркін қолдануы.

Әлеуметтік сана өткеннен еліктеу үшін немесе айыптау үшін мысалдарды іздейді. Тарих нақты заманның этикалық артықшылықтардың бейнелері ретінде қабылданады. Тарихи кейіпкерлер әлеуметтік мінездің үлгілері ретінде бейнеленеді.

Ежелгі, орта, жаңа ғасырлардың тарихи шығармалардың авторлары өз қаһармандарын идеалдың үлгісі деп білді. Олар өз замандастарына белгілі бір моральдық қасиеттер берді немесе олардың осы қасиеттерді қабылдамау сезімін көргісі келді. Жиі кейіпкерлер ұлттық қаһармандарына айналды. Олардың істері әлеуметтік немесе саяси қоғам қызығушылығының қорғалуына бағытталған күштері ретінде түсіндіріледі.

Еуропада XIX—XX ғғ. ұлттық батырлардың жеке «қоры» қалыптаспайтын ұлттар болмады.

Бұл, қиялдармен өзгертілген, тарихи кейіпкерлер қоғамға белгілі саяси-идеологиялық және әлеуметтік идеяларды тарату мақсатында қызмет етті. Мысалы, орта ғасырлардағы мінсіз христиан билеушінің үлгісі ретінде қызмет еткен Ұлы Карл, жаңа заманның әлеуметтік те, ғылыми-тарихи сана да оны француз



мемлекеттіліктігінің жаратушымен қатар «біртұтас Еуропаның» негізін салушы деп қабылданды. Америка соғысының басшылары АҚШ-қа берген тәуелсіздік үшін ұлттың негізін қалаушылары деген атаққа ие болды. Олардың келбетінде мықты, тәуелсіз және демократиялық мемлекеттің нақты түрінің идеясын көреді.

Жиі осындай идеализация қазіргі қоғамның кемшіліктері мен моральдық құлдырауынан жасалған және үйлесімді өткеніне қарама-қарсы көрсету мақсатында болып келеді. Ұлттық кейіпкерлерге тіркелетін қасиеттер, әдетте, олар шын мәнінде болған уақыттың шынайы тұлғалары мен тарихи оқиғаларына әрқашан толық сәйкес келмейді.

Әлеуметтік санада өткен тарихи білім тек моральдық және саяси-идеологиялық мысалдар қазынасы ретінде ғана қолданылады. Онда қазіргі заманғы құбылыстардың бастауын анықтауға ұмтылады. Мұндай тәсіл өткеннің суретін еркін немесе еріксіз бұрмалауға әкеледі. Өткен дәуірлер тек қана бесіктен шыққан заманауи қоғам ретінде қабылданады. Нәтижесінде белгілі бір құбылыстардың сабақтасқан схемасы жасанды түрде жасалады. Бұл құбылыстар қазіргі заманнан туған сипаттамаларға ие және өткенге қатысы жоқ болып келеді.

Мысалы, Еуропада XIX ғасыр біртұтас мемлекеттің қалыптасу идеологиясының ұранымен өтті. Біртұтас саяси білім беру аясында ұйымшыл ұлт, қоғамның өмір сүруінің басты нысаны ретінде қарастырылды. Ұлттық және саяси сабақтастық мәдени дамудың бастамасы ретінде айтылды. Ұлттық және саяси мүдделердің айырмашылығы басқа халықтармен өзара қарым-қатынастардың сипаты мен нысандарын алдын ала анықтады. Мұндай концепция өз тірегін өткеннен іздеді. Сондықтан, еуропаның тарихи даму мәні ұлттың қалыптасуы және прогрессивті түрде дамуы біріккен саяси қалыптасуынан қарастырылды.

Халықтардың ұлы қоныс аударуы дәуірінің герман тайпалары, варвар патшалығы, Орта ғасырлық мемлекеттер мен кейінгі ортағасырлық монархиялар қоғамның этникалық санасымен, саяси ұйымымен бірігуінің ерекше тәсілдері ретінде қарастырылмады. Олар ұлттық және мемлекеттік бірліктің кезеңдері ретінде ғана қаралды.

Мемлекеттердің өз мүдделері үшін күресі сияқты себептер орта ғасыр соғыстарына жаңа дәуірдегі қақтығыстар тіркелген.

Қазіргі заманның тарихи тамырларын іздестірудің тағы бір мысалы қазіргі заманғы демократияның алғышарттарын табуға деген ұмтылыс: олар ежелгі қалалар-полистердің, Римдік республиканың, ортағасырлық коммуналдық қалалардың, ортағасырлық рыцарлар кластық ұйымының құрылымдары болып табылады.

Әртүрлі дәуірлерге жататын бұл әртүрлі құбылыстар бостандық пен қоғамдастық мүшелерінің теңдігі, ең маңызды шешімдерді ұжымдық және қоғамдық шешімдер қабылдау сияқты қасиеттермен байланысты болды.

Тарих қазіргі кезеңдерге қатысты идеологиялық, әлеуметтік және саяси талаптарды ақтайтын дәлел ретінде қарастырылды. Оларға моральдық тұрақтылық пен ұзақ өмір сүруі тіркелген болатын. Мұндай өзекті идеялардың тарихының бастауы әділетсіз болып саналады, себебі өткенге оған ие болмаған қасиеттер жапсырылған.

Сонымен қатар, өткен өмір бір мағыналы және бір жақты болып түсіндіріледі. Осылайша, тарихи әділеттілік идеясы, кейбір адамдардың белгілі бір аумақтарға деген ұмтылысы осы аймақтарға басқа халықтардың тарихи құқықтарын растайтын фактілер өткендігінің дәлелінен жойылады.

Өткенді жекелеген халықтардың немесе әлеуметтік топтардың ұмтылыстары мен наразылықтарын ақтайтын тарихи дәстүр ретінде қабылдау жаппай сананың қауіпті бөлігі болып табылады. Ол тарихи процестердің күрделілігін елемейді, ал кейде әр түрлі дәуірге жататын құбылыстар арасындағы байланысты тікелей бұрмалайды.

Дегенмен, объективтілік принциптерін ұстанатын тарихшы-зерттеушілерге де өткен оқиғаларды дәл осы оқиғалардың негізін қалаушы ретінде түсіндіруден өзінің қабылдауын тазарту қиын болып келеді.

### Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.



5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.